

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасы Үкіметінің арасындағы Мұнайгаз секторындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 5 шілде N 927

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 11 сәуірде Тегеран қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасы Үкіметінің арасындағы Мұнайгаз секторындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам
Республикасының Үкіметі арасындағы Мұнай-газ
секторындағы ынтымақтастық туралы
Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі,

мұнай-газ секторындағы экономикалық және техникалық ынтымақтастық Тараптардың мемлекеттері халықтарының әл-ауқатын көтеру және гүлдену мүддесіне қызмет ететін болады деп есептей отырып,

экспорттық мұнай-газ құбырларының дамуына зор маңыз бере отырып және осы саладағы ынтымақтастыққа деген өзінің мүдделілігін қуаттай отырып,

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы Ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен тереңдету туралы бірлескен декларацияны және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев пен Иран Ислам Республикасының Президенті А.Хашеми Рафсанджани Тегеран қаласында 1375 ә.қ ж. 22 Ордибихештке сәйкес келетін 1996 жылғы 11 мамырда қол қойған Каспий теңізінің мәселелері жөніндегі бірлескен мәлімдемені негізге ала отырып,

төмендегілер туралы келісті,

1-бап

Тараптар теңдік, өзара тиімділік, өзара көмек және мұнай операцияларын жүзеге асыру барысында бір-біріне зиян келтірмеу негізінде өздерінің мұнай-газ салаларын дамыту мен тұрақтандыру мақсатында күш-жігерлерді үйлестіру және мұнай өнімдерін және мұнай, газ, конденсатты тасымалдау және өңдеу, шығару, әзірлеу, барлау аясындағы ынтымақтастықты нығайтатын болады.

2-бап

Тараптар үшінші бір жақтың заңды және жеке тұлғаларының

қатысуымен бірге акционерлік қоғамдар, бірлескен кәсіпорындардың құрылуына және жұмыс істеуіне жәрдем етуді, кәсіпорындар мен ұйымдар арасында тікелей байланыстардың орнауын және ынтымақтастықты қолдайтын болады.

3-бап

Тараптар бір-бірінің компанияларын өз аумақтарында орналасқан мұнайлы және газды кен орындарын барлау, игеру және пайдаға асырудың халықаралық тендерлеріне және қажетті техникалық инфрақұрылымның құрылысын салуға қатысу үшін шақыруды қамтамасыз ететін болады.

4-бап

Тараптар өздерінің аумақтарында орналасқан мұнай-газ кен орындарын игеру жөнінде өз мұнай компаниялары арасындағы ынтымақтастықтың мүмкіндігі мен нысандарын зерттейді.

5-бап

Тараптар Каспий теңізінде жұмыс жүргізу үшін теңіздегі мұнай платформаларының

өндірісін қоса алғанда, мұнай-газ жабдықтарының өндірісінде бір-бірінің кәсіпорындарында тапсырыс беру, бірлескен кәсіпорындар құру, тікелей инвестициялар және басқа да нысандар жолымен ынтымақтасатын болады.

6-бап

Тараптар Иран Тарабының қолдауымен Атырау қаласында (Қазақстан) машина майын шығаратын зауыт салудың техника-экономикалық негіздемесін дайындауды жылдамдату үшін қажетті шаралар қолданатын болады.

7-бап

Тараптар шикі мұнайды (SWAP) айырбастау жөніндегі ынтымақтастықтың басталуын жоғары бағалайды және Қазақстан мұнайын экспорттайтын осы арнаның үздіксіз жұмысын камтамасыз ету мақсатында техникалық мәселелердің бәрінің оң шешілуі үшін тиісті шаралар қабылдайтын болады.

Иран Тарабы Қазақстан Тарабына қажет болған жағдайда шикі

мұнайдың дүниежүзілік рыноктағы маркетингіне және SWAP шеңберінде Қазақстан мұнайының жеткізіліміне айырбастап алынатын шикі мұнайды сатуда көмектесетін болады.

Тараптар SWAP шеңберінде шикі мұнайды айырбастау көлемін ұлғайту мүмкіндігін зеттейді.

8-бап

Тараптар оңтүстік бағытта қазақстандық экспорттық мұнай-газ құбырларын дамытуға зор маңыз береді және осы саладағы өз мүдделілігін қуаттайды.

9-бап

Қазақстан Тарабы SWAP шеңберінде қазақстандық шикі мұнайдың экспорты үшін негізгі маршрут ретінде Нека-Тегеран мұнай құбырының құрылысын салуды қолдайды.

10-бап

Тараптар Батыс Қазақстаннан Иранның солтүстігіне және әрі қарай Парсы шығанағына мұнай және газ тасымалдау үшін экономикалық, қаржылық, техникалық және құбыр төсеудің жобасын іске асырудың басқа да аспектілерін зерттеу мақсатында түрікмен Тарабының өкілдерін шақырумен сарапшылардың бірлескен Жұмыс тобының қызметін жандандыруға келісті.

11-бап

Иран Тарабы өз провинцияларының бірінде салынатын мұнай өңдеу зауытында шикі мұнайды өңдеу үшін жеткізілім көлемінің қажеттілігіне қатысты ақпарат беріп отырады.

Қазақстан Тарабы тиісті ақпаратты зерттегеннен кейін шикі мұнайдың талап етіліп отырған лимиттелген жеткізілімі жөнінде өз мүмкіндіктері туралы хабар береді.

Шикі мұнай көрсеткіштерінің сипаттамасы (спецификация) Тараптар арасында келісілетін болады.

12-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісуі бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамайтын бөлігі болып табылаты жекелеген хаттамалармен ресімделетін болады.

13-Бап

Осы Келісім Тараптардың бірінен қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Тараптардың бірі екінші Тарапты оның қолданысын тоқтататын ниеті туралы хабардар еткенге дейін күшінде қалады. Мұндай жағдайда, Келісім осындай ниет туралы хабарлайтын мәлімдемені алған күннен бастап 6 ай өткенде өз күшін жояды.

Тегеран қаласында 1378 к.қ.ж. 22 фарвардинге сәйкес келетін 1999 жылғы 11 сәуірде әрқайсысы қазақ, парсы және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Иран Ислам Республикасының
Үкіметі үшін

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК